

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 142 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы N 82 қаулысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 17 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1502. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 40 (V064181) қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 40 қаулысымен .*

---

Сақтандыру мен банктік қызметті реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 142 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу V001136\_ ережесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін, ол және осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді тарату ісін бақылау басқармасы (Бадырленова Ж.Р.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы және Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген

күннен бастап он күндік мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктерді тарату ісін бақылау басқармасынан осы қаулыны, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды алған күннен бастап төрт күннен аспайтын мерзімде еріксіз түрде таратылатын банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары К.А. Колпаковқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 31 наурыздағы  
N 82 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының  
2000 жылғы 21 сәуірдегі N 142 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің  
мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық  
ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесіне  
өзгерістер мен толықтырулар**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 142 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу V001136\_ ережесіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Ереженің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесі";

2. Кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының мүлкін сату жөнінде аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Z952155\_ "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы",

Z952444\_ "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы",  
Z000126\_ "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын  
орындау мақсатында әзірленді және ықтиярсыз және өз еркімен таратылатын  
банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының мүлкін сату тәртібін  
а й қ ы н д а й д ы . " ;

3. 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ережеде ықтиярсыз және ерікті түрде таратылатын банктер мен  
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (бұдан әрі - таратылатын банктер,  
сақтандыру ұйымдары) мүлкін сату жөнінде сауда-саттық - аукциондар мен  
коммерциялық ұсыныстар конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібі,  
таратылатын банктерде, сақтандыру ұйымдарында ақша жетіспеген жағдайда  
таратылатын банктердің, сақтандыру ұйымдарының мүлкін сату жөнінде  
аукциондар мен коммерциялық ұсыныстар конкурсына қатысушылардың  
құқықтары мен міндеттері белгіленеді";

4. Ереженің 2-тармағынан бастап бүкіл мәтін бойынша "банктердің", "банктің"  
" деген сөздерден кейін ", сақтандыру ұйымдарының", ", сақтандыру ұйымының"  
деген сөздермен толықтырылсын;

5. 2-тармақтың бірінші бөлігіндегі екінші сөйлем алынып тасталсын;

6. 4, 7-тармақтардағы "тартылған сарапшылар" деген сөздер "бағалау  
қызметіне арналған лицензиясы бар бағалаушының" деген сөздермен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7. 12-тармақтың бірінші бөлігіндегі екінші сөйлем алынып тасталсын.

Ұ л т т ы қ            Б а н к

*Төрағасы*